Б.Б.Абжалелов: Жаңа кафедраның ашылуы қолданыстағы IT кафедраларының функцияларын қайталамай ма және оның институционалдық артықшылығы неде?

Н.С.Кулмырзаев: Функцияларды қайталамайды. Жаңа БББ құрылымы қолданыстағы IT кафедраларын алмастырмайды, керісінше IT саласындағы білім беру бағыттарын жаңғырту және жасанды интеллект (ЖИ) технологияларын жүйелі түрде енгізу үшін дербес инновациялық бірлік ретінде қызмет етеді. Жаңа құрылым халықаралық стандарттарға сай мамандар даярлауға, IT кафедраларын қайта құрылымдауға және жасанды интеллект саласында жаңа институционалдық модель қалыптастыруға мүмкіндік береді

А.Ж.Оразбақов: SeoulTech-пен ынтымақтастық, LUPIC жобасы аясында Корея тарапынан берілетін қаржыландыру нақты қандай техникалық жабдықтарға немесе бағдарламаларға бағытталады?

Н.С.Кулмырзаев: Корея Республикасының Үкіметі тарапынан қаржыландырылатын LUPIC (Leading University Project for International Cooperation) жобасы 2023-2029 жылдар аралығын қамтитын стратегиялық бастама болып табылады. Қаржыландыру халықаралық деңгейдегі бірлескен білім беру бағдарламаларын құруға, зерттеу орталықтарын ашуға және оқу процесіне жаңа технологияларды кіріктіруге бағытталады

И.А.Таутенов: Шетелдік мамандар бағдарламасы бойынша келетін оқытушылардың біздің студенттерге беретін нақты нәтижесі (мақала, жоба немесе сертификат) қалай бағаланады?

Н.С.Кулмырзаев: Шетелдік оқытушыларды тарту эпизодтық емес, нақты қажеттілік картасы мен кандидаттар пулы (SeoulTech, Erasmus+ серіктестері) арқылы жүргізіледі. Әрбір шетелдік маманнан нақты нәтиже талап етіледі: дайындалған силлабус, өткізілген воркшоп, бірлескен жоба немесе ғылыми мақала. Сондай-ақ, бұл жұмыстар PBL (жобалық оқыту) мен EPiC платформасына кіріктірілуі тиіс.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 31 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә- 31, қарсы, қалыс жоқ.

Қаулы қабылданды- 31 дауыспен.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Жасанды интеллект институтының директоры Н.С.Құлмырзаевтың Университетте жасанды интеллект саласын дамытудың перспективалары туралы есебі мақұлданып және назарға алынсын.

2. Университеттің оқу-әдістемелік базасын нығайту және білім беру бағдарламаларының сапасын арттыру мақсатында Жасанды интеллект институтының құрамынан жаңа білім беру бағдарламаларын (кафедра) ашу мәселесі жан-жақты зерделеніп, тиісті құжаттарды дайындау, мәселенің оңтайлы шешімін шығару (20.08.2026ж. мерзімге дейін) Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Б.А.Досжановқа, Жасанды интеллект институтының директоры Н.С.Кулмырзаевқа жүктелсін.

3. Жасанды интеллект саласындағы ғылыми зерттеулер мен оқу процесінің тиімділігін арттыру мақсатында: оқу кабинеттері мен жобалық кеңістіктерді кеңейту, аудиторияларды заманауи есептеу техникаларымен жабдықтау бойынша нақты ұсыныстар жобасын әзірлеу және оны Ректоратқа ұсыну жұмыстары (01.04.2026ж. мерзімге дейін) Жасанды интеллект институтының директоры Н.С.Құлмырзаевқа, Шаруашылық жұмыстар жөніндегі департамент директоры Ғ.Қ.Утегеновке тапсырылсын.

4. Университеттің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жетекші шетелдік жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтардан білікті мамандар мен оқытушыларды тартудың кешенді іс-шаралар жоспары әзірлеу жұмыстары (01.04.2026ж. мерзімге дейін) Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға, Экономика және қаржы департаментінің директоры Н.Ж.Уразбаевқа, Бас есепші Н.Қ.Рабатоваға, Халықаралық байланыстар бөлімінің басшысы Ж.С.Айлауоваға, Жасанды интеллект институтының директоры Н.С.Құлмырзаевқа тапсырылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау мен қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі басқарма мүшесі – проректор Д.М.Абдрашеваға тапсырылсын.

Төраға: Күн тәртібіндегі **5 сұрақ** I курс студенттерінен 2025-2026 оқу жылының I-академиялық кезеңінде «Қазақстан тарихы» пәнінен қабылданған мемлекеттік емтихан есебі туралы сөз Тарих және археология БББ жетекшісі К.З.Өткелбаевқа беріледі. Баяндама барысында К.З.Өткелбаев «Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан есебін кеңінен баяндады және нақты нәтижелеріне баса назар аударды.

Институт	Студ саны			«5» не А, А-	«4» не В, В+, В-, С+, С-	3» не С, С-, Д+, Д-	«2» не F	үлгірім	Орташа балл	Сапалық көрсеткіш
	барлығы	қатысқаны	қатыспағаны							
Гуманитарлық-педагогикалық институты	703	699	4	85А-	144В+/,186В-, 102В-/, 78С+	40С-,/30С-/, 28D+/,6D	-	99,4	2,77	88,3
Педагогика және дәстүрлі өнер институты	431	422	9	63А-	145В+/,71В-,65В-/, 47С+	14С-,/13С-/, 4D+	-	97,9	2,9	91,9
Жаратылыстану институты	607	595	12	44А-	90В+/,93В-,106В-/, 118С+	54С-,/46С-/, 31D+/,13D-/,	-	97,8	2,59	77,9
Жасанды интеллект институты	139	138	1	5А-	20В+/,38В-, 31В-/, 27С+	9С-,/3С-/, 2D+/,3D	-	98,5	2,67	86,7
Инженерлі-технологиялық институты	47	46	1	1А-	6В+/,16В-,19В-/, 4С+			98,2	2,8	96,6
Барлығы:	1927	1900	27	198А-	405В+/,404В-, 323В-/, 274С+	117С-,/ 92С-,/ 65D+/, 22D	-	98,6	2,74	83,2

Назарларыңызға рақмет! Сұрақтарыңыз болса, жауап беруге дайынмын.

Төраға: Сұрақтарыңыз болса?

Б.Қожамберлиев: Емтиханды өткізудің ашықтығы қалай қамтамасыз етілді?

К.З.Өткелбаев: Емтихан комиссиясы ректордың 2025 жылғы 19 қарашадағы №681-а бұйрығымен бекітілген. Процесс барысында қоғамдық комиссия мүшелері мен комплаенс-офицерлер тарапынан бақылау жүргізілді. Бұл ретте академиялық адалдық ережелерін бұзған студенттерге қатысты тиісті шаралар қабылданды (телефон немесе шпаргалка қолдану фактілері бойынша).

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 31 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә- 31, қарсы, қалыс жоқ.

Қаулы қабылданды- 31 дауыспен.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. 1 курс студенттерінен 2025-2026 оқу жылының I-академиялық кезеңінде «Қазақстан тарихы» пәнінен қабылданған мемлекеттік емтихан есебі туралы Тарих және археология БББ жетекшісі Қ.З.Өткелбаевтың баяндамасы назарға алынсын.

2. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің күндізгі оқу нысанының және техникалық және кәсіптік немесе орта білім негізінде қысқартылған оқу түрі бойынша 2025-2026 оқу жылының I-академиялық кезеңінде «Қазақстан тарихы» пәнінен қабылданған мемлекеттік емтихан есебі бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін.

Төраға Күн тәртібіндегі **6.1 әртүрлі сұрақ** Магистранттардың және докторанттардың диссертация тақырыптарына өзгерістер енгізу және докторанттардың отандық ғылыми кеңесшісін қайта тағайындау туралы Ғылым департаменті директоры Н.А.Сактағановаға беріледі.
Н.А.Сактағанова:Магистранттардың және докторанттардың диссертация тақырыптарына өзгерістер енгізу және докторанттардың отандық ғылыми кеңесшісін қайта тағайындау туралы ақпараттарды назарларыңызға ұсынамыз.

1. Магистранттардың магистрлік диссертация тақырыптарына өзгертулер енгізіп, қайта бекітуге ұсынылады

№	Магистрант аты - жөні	Білім беру бағдарламасы	Бекітілген диссертация тақырыбы	Қайта бекітуге ұсынылатын диссертация тақырыбы
1	Жаңабекова Гүлжайна Жаңабекқызы	7M01619-Тарих Т-24-3м (з)	«Бірлік туы» газеті тарихи дереккөзі ретінде (Сыр өңіріне қатысты материалдар негізінде) Ғылыми жетекшісі Сәтбай Тастанбек Яхьяұлы - «Тарих және археология» БББ-ның қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, тарих ғылымдарының докторы	«Бірлік туы» газетінің тарихи дереккөзі ретіндегі ерекшеліктері және оны оқытуда қолдану мүмкіндіктері
2	Жиенбайқызы Айдана	7M01619-Тарих Т-24-3м (з)	Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау қоғамы: қалыптасуы мен қызметі (1972-1991 жж.) Ғылыми жетекшісі Жолдасұлы Талғат - «Тарих және археология» БББ-ның қауымдастырылған профессор міндетін атқарушы, PhD	Қызылорда облысының даму тарихын оқытуда Еркін Әуелбеков кезеңіндегі көшбасшылық фактордың рөлі (1985-1989 жж.)

Докторанттардың докторлық диссертация тақырыптарына өзгертулер енгізіп, қайта бекітуге ұсынылады

1.	Докторант аты - жөні	Білім беру бағдарламасы	Бекітілген диссертация тақырыбы	Қайта бекітуге ұсынылатын диссертация тақырыбы
2.	Ниязова Динара Жумабековна	8D01515-Химия Х-23-1д (з)	«Фуллерен мен фитоматериалдарды модификациялау» арнайы практикумын жасау және	Нанохимиялық контексті базалық химиялық пәндерге кіріктіру моделі: тұжырымдамалық түсіну мен функционалдық

			оны білім беру үдерісіне интеграциялау Ғылыми кеңесші Тапалова Анипа Сейдалықызы - Биология, география және химия БББ-ның профессоры, техника ғылымдарының кандидаты	сауаттылыққа әсері Модель интеграции нанохимического контекста в базовые химические дисциплины: влияние на концептуальное понимание и функциональную грамотность Model for Integrating Nanochemical Context into Fundamental Chemistry Courses: Impact on Conceptual Understanding and Functional Literacy
3.	Жолдасбаева Жадыра Абдикаликовна	8D01515-Химия 2019-2022 жыл аралығында оқыған	«Мектеп-университет» жүйесінде химиялық білім берудің жаңартылған мазмұн жағдайында оқу бағдарламалар сабақтастығының ғылыми-дидактикалық негіздері Ғылыми кеңесші Абызбекова Гүлмира Минбаевна Биология, география және химия» БББ-ның аға оқытушысы, химия ғылымдарының кандидаты	«Органикалық химия бойынша болашақ химия мұғалімдерінің пәндік-педагогикалық құзыреттілігін дамыту» «Развитие предметно-педагогических компетенций будущих учителей химии по органической химии» «Development of Pedagogical Content Competence of Prospective Chemistry Teachers in Organic Chemistry»
4.	Нургалиева Айнур Алихановна	6D011300-Биология 2014-2017 жыл аралығында оқыған	Жоғары оқу орындарында Қазақстанның мұнайлы аймақтарындағы өсімдіктердің биозологиялық ерекшеліктерін оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері Ғылыми кеңесші Ибадуллаева Салтанат Жарылкасыновна - «Биология, география және химия» БББ-ның профессоры, биология ғылымдарының докторы	Биология пәні мұғалімдерін даярлауда Солтүстік-Шығыс Каспий аймағы флорасының ерекшеліктерін оқытудың әдістемелік негіздері. Методические основы преподавания особенностей флоры Северо-Восточного Прикаспия в подготовке учителей биологии. Methodological foundations of teaching the peculiarities of the flora of the Northeastern Caspian region in the training of biology teachers.

2. Докторанттың отандық ғылыми кеңесшісін қайта тағайындауға ұсынылады

Докторанттың аты – жөні,	Бекітілген диссертация тақырыбы	Тағайындалған отандық ғылыми кеңесші	Қайта тағайындауға ұсынылатын отандық ғылыми кеңесші
Алибекова Айгуль Кикбаевна	Климаттық өзгерістер жағдайында Сырдарияның су ресурстарын тиімді	Кенжалиева Бахыткуль Туребаевна - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Су шаруашылығы және жерге	Буланбаева Перизат Урунбасаровна - Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Су

8D08675-Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау МРОЗ 25-1д	реттеу және экологиялық ағынды зерттеу	орналастыру» БББ-ның қауымдастырылған профессоры, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты	шаруашылығы және жерге орналастыру» БББ-ның қауымдастырылған профессоры, PhD
Докторанттың екінші отандық ғылыми кеңесшісін тағайындауға ұсынылады			
Докторанттың аты – жөні,	Бекітілген диссертация тақырыбы, ғылыми кеңесшісі	Тағайындауға ұсынылатын екінші отандық ғылыми кеңесші	
Айбекқызы Ақбөпе 8D08675-Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау МРОЗ 24-1д	Қызылорда суармалы массивінде қашыртқы-көріз суларын ауылшаруашылық дақылдарын суаруға пайдаланудың ғылыми-техникалық негіздемесі Шаянбекова Бахытжан Рахманбердиевна - «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» БББ-ның қауымдастырылған профессор м.а., техника ғылымдарының кандидаты	Байманов Жанұзақ Нұрділдаұлы - Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Басқарма төрағасының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, техника ғылымдарының кандидаты	

Төраға: сұрақ бар ма?

А.Ж.Сейтмуратов: Магистранттар мен докторанттардың (мысалы, Д.Ниязова мен Ж.Жаңабекованың) диссертация тақырыптарын айтарлықтай өзгертуге не себеп болды? Бұл өзгерістер бұрын бекітілген зерттеу бағыты мен жинақталған материалдардың мазмұнына қайшы келмей ме?»

Ғылыми жетекшісі Сәтбай Тастанбек Яхьяұлы: Тақырыптарды қайта бекіту зерттеудің өзектілігін арттыру және оның қолданбалы маңызын нақтылау мақсатында жасалып отыр. Г.Жаңабекованың тақырыбына «оқытуда қолдану мүмкіндіктері» бөлігін қосу арқылы біз таза тарихи зерттеуді педагогикалық бағытпен ұштастырдық.

Ғылыми кеңесші Тапалова Анипа Сейдалықызы: докторант Д. Ниязованың тақырыбы нанохимиялық контекстке ауысу арқылы заманауи ғылыми трендтерге сәйкестендірілді. Барлық өзгерістер тиісті БББ мәжілістерінде талқыланып, жиналған деректер қорына сәйкес келетіндігі туралы оң қорытынды алынған.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 31 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә- 31, қарсы, қалыс жоқ.

Қаулы қабылданды- 31 дауыспен.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. 7M01619-Тарих білім беру бағдарламасының магистранттары Жаңабекова Гүлжайна Жаңабекқызының және Жиенбайқызы Айдананың диссертация тақырыбына өзгертулер енгізіліп, қайта бекітілсін.

2. 8D01515-Химия білім беру бағдарламасының докторанттары Ниязова Динара Жумабековнаның, Жолдасбаева Жадыра Абдикаликовнаның, 6D011300-Биология білім беру бағдарламасының докторанты Нургалиева Айнура Алихановнаның докторлық диссертация тақырыптарына өзгертулер енгізіліп, қайта бекітілсін.

3. 8D08675-Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау білім беру бағдарламасының 1 курс докторанты Алибекова Айгуль Кикбаевнаның отандық ғылыми кеңесшісі Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» БББ-ның қауымдастырылған профессоры, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты Кенжалиева Бахыткуль Түребаевнаның орнына Қызылорда университетінің «Су шаруашылығы және жерге орналастыру» БББ-ның қауымдастырылған профессоры, PhD Буланбаева Перизат Урунбасаровна тағайындалсын.

4. 8D08675-Жерді мелиорациялау, баптау және қорғау білім беру бағдарламасының 2 курс докторанты Айбекқызы Ақбөпенің екінші отандық ғылыми кеңесшісі ретінде Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Басқарма

төрағасының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, техника ғылымдарының кандидаты Байманов Жанұзақ Нұрділдаұлы тағайындалсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор М.А.Бурибаеваға жүктелсін.

Төраға Күн тәртібіндегі **6.2 әртүрлі сұрақ** Монография, оқу құралдарын бекітуге ұсыну туралы Ғылым департаменті директоры Н.А.Сақтағановаға сөз беріледі.

Н.А.Сақтағанова: Монографияны бекітуге ұсынамыз: 1.«Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» БББ аға оқытушысы, т.ғ.к. Асқарова Гульзат Шакирбековнаның **«Методы обезвреживания воздействия на окружающую среду производств цветной металлургии на основе электронно-лучевой технологии»** монографиясы ұсынылады. Пікір білдірушілер: Матаев Мухаметкали Мусажалиевич – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті «Химия» кафедрасының профессоры, х.ғ.д. Азат Сейтхан – Қ. Сәтпаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті Инженерлік бейіндегі зертхана жетекшісі, профессор, PhD Ақылбеков Нұрғали Икрамұлы - «Физика-химиялық талдау әдістері» инженерлік бейіндегі зертхана жетекшісі, қауымдастырылған профессор, PhD. Монография түсті металлургия өндірісінің қоршаған ортаға теріс әсерін бейтараптандыру үшін электронды сәуле технологиясын пайдалану әдістерінің алғашқы теориялық сипаттамасын береді және тәжірибелік нәтижелерді талдайды. Сонымен қатар, автор тәжірибе барысында пайдаланылған материалдарды және алынған нәтижелерді практикалық маңызы бар, сондай-ақ нақты деректер жиынтығын ұсынады. Монография минералды өңдеу, тау-кен өндіру, химиялық инженерия, химия, физика, мұнай-газ инженериясы және экология саласында оқитын зерттеушілерге, университет профессорларына, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, сондай-ақ ғылымға қызығушылық танытатын жалпы оқырмандарға арналған. Көлемі: 6,4 б.т. Антиплагиат бағдарламасынан өткен.

2. «Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ аға оқытушысы, PhD Кенжебаева Құндызай Серікқызының **«Болашақ педагогтерде әлеуметтік интеллектінің дамуы»** монографиясы ұсынылды. Пікір білдірушілер: Атемова Калипа Турсуновна – Л.Н. Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті, «Білім» жоғары мектебі, педагогика кафедрасының профессоры, п.ғ.д. Жиентаева Бегаим Жиентаевна-«Тұран-Астана» университеті IT және ӨГҒ кафедрасының доценті, п.ғ.к. Майгельдиева Шарбан Мусабековна-«Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ профессоры, п.ғ.д. Монографияда қоғамның педагогтерге қоятын талаптарына, педагогикалық іс-әрекетке, педагогикалық қарым-қатынасқа, кәсіби педагогикалық дайындау жүйесіне байланысты болашақ педагогтерде әлеуметтік интеллектінің дамуындағы психологиялық ерекшеліктерге теориялық және эксперименттік талдау жасалған. Оқу орынындағы педагогикалық қарым-қатынас пен педагогикалық іс-әрекет мұғалімнің (оқытушының) әлеуметтік интеллектісінің ерекшеліктері ескерілетін оның тұлғалық құрылымының бір сабақтас құрамы ретінде анықталады. Бұл болашақ педагог мамандарды дайындау барысында ескерілетін болса, педагогтың кәсіби құзіреттілігінің жоғары деңгейде болатыны айқындалған. Көлемі: 11,6 б.т. Антиплагиат бағдарламасынан өткен.

Еңбектер ғылыми-техникалық семинарларда талқыланып, талданды. Қолдауларыңызды сұраймыз, назарларыңызға рақмет!

Баяндамашы Н.А.Сақтағановнаның ұсынысы Ғылыми кеңес мүшелері тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 31 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә- 31, қарсы, қалыс жоқ.

Қаулы қабылданды- 31 дауыспен.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1.«Электр энергетикасы, техносфералық қауіпсіздік және экология» БББ аға оқытушысы, т.ғ.к. Асқарова Гульзат Шакирбековнаның «Методы обезвреживания воздействия на окружающую среду производств цветной металлургии на основе электронно-лучевой технологии» монографиясы бекітілсін және баспаға берілсін.

2.«Педагогика, психология және бастауыш оқыту әдістемесі» БББ аға оқытушысы, PhD Кенжебаева Құндызай Серікқызының «Болашақ педагогтерде әлеуметтік интеллектінің дамуы» монографиясы бекітілсін және баспаға берілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор Бурибаеваға жүктелсін.

Төраға Күн тәртібіндегі **6.3 әртүрлі сұрақ** 6B07182-Органикалық заттардың химиялық технологиясы Білім беру бағдарламасын «Жоғары білім берудің бірыңғай жүйесі» ақпараттық платформасындағы Білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізу туралы. (Білім беру бағдарламаларын үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқармасының басшысы А.Ж. Бұхарбаева)

А.Ж.Бұхарбаева: 6B07182-Органикалық заттардың химиялық технологиясы білім беру бағдарламасының мақсаты – химия кәсіпорындарының түрлі салаларындағы көмірсутекті шикізатты өндіру және қайта өңдеу, дайындау және оларды тиімді пайдалану, мұнай өңдеу, газ, көмір және полимерлер, эластомерлер, бояулар, ұнтақтар, қатты заттар мен сұйықтықтар, зымыран отындарын, үшін инженерия және инженерлік істің түрлі салаларында жоғары білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау. 6B07182-Органикалық заттардың химиялық технологиясы білім беру бағдарламасы бойынша техника және технология бакалавры біліктілігі беріледі және келесі салалардағы: мұнай өңдеу, мұнай химиясы, полимерді өңдеу, геология, гидрогеология, тау-кен өндірісі, ғылым және білім саласында кәсіби қызметін жүзеге асырады. Әзірленген білім беру бағдарламасы білім алушылардың білім беру қажеттіліктері мен сұраныстарын ескере отырып, жоғары білімнің даму әлеуетін іске асыруға ықпал етуге арналған. Аталған БББ бойынша жұмыс оқу жоспары құрылып, оқу пәндерінің сипаттамалары мен оқыту нәтижелері нақтыланды.

Ғылыми Кеңес мүшелері бірауыздан БББ-ның өндіріспен байланысы мен түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін қолдап, тізілімге енгізудің маңыздылығын растады.

Баяндамашы А.Ж. Бұхарбаеваның ұсынысы Ғылыми кеңес мүшелері тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 31 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә- 31, қарсы, қалыс жоқ.

Қаулы қабылданды- 31 дауыспен.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. 6B07182-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» БББ-ны «Жоғары білім берудің бірыңғай жүйесі» ақпараттық платформасына енгізу туралы Білім беру бағдарламаларын үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқармасы басшысы А.Ж.Бұхарбаеваның ақпараты назарға алынсын.
2. 6B07182-«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» білім беру бағдарламасы мақұлданып және оны ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Білім беру бағдарламаларының тізіліміне» енгізу үшін ұсынылсын.
3. Білім беру бағдарламаларын үйлестіру және оқу үдерісін жоспарлау басқармасы басшысы А.Ж.Бұхарбаеваға БББ-ның құжаттамалық топтамасын ЖБББЖ платформасына сапалы және уақытылы жүктеу тапсырылсын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылауды Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін.

Төраға кун төртбіндегі **6.4 әртүрлі сұрақ** Сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасына байланысты студенттердің жеке оқу кестесіне өзгеріс енгізу жөнінде Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Б.А.Досжановқа сөз берді.

Б.А. Досжанов: Академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында УиА-24-1 тобының студенті Е.Ж. Амангелді және ЭК-24-1 тобының студенті Б.П. Машбек 2026 жылдың 16 ақпаны мен 15 шілдесі аралығында Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университетінде білім алады. Осыған байланысты, оқу үдерісінің кестесіне сәйкес мамыр айына жоспарланған өндірістік практика мерзімін оқуға кеткенге дейінгі уақытқа, яғни 26.01.2026 – 13.02.2026 аралығына ауыстыру ұсынылады.

№	Студенттің аты-жөні, оқу тобы	Баратын жоғары оқу орны	Баратын уақыты	Бекітілген оқу үдерісінің кестесі бойынша практика уақыты	Өзгертуге ұсынылатын практика уақыты
1	Амангелді Ернар Жақсылықұлы, УиА-24-1 оқу тобының студенті	Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университеті	16.02.2026-15.07.2026	18.05.2026-05.06.2026	26.01.2026-13.02.2026
2	Машбек Бибек Пазылбекұлы, ЭК-24-1 оқу тобы	Әзірбайжан мемлекеттік экономикалық университеті	16.02.2026-15.07.2026	18.05.2026-05.06.2026	26.01.2026-13.02.2026

Баяндамашы Б.А.Досжановтың ұсынысы Ғылыми кеңес мүшелері тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 31 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә- 31, қарсы, қалыс жоқ.

Қаулы қабылданды- 31 дауыспен.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Б.А. Досжановтың ақпараты назарға алынсын.
2. Студенттер Е.Ж.Амангелді мен Б.П.Машбектің Өзірбайжан мемлекеттік экономикалық университетіне оқуға жіберілуіне байланысты, өндірістік практика мерзімі 26.01.2026ж.-13.02.2026ж. аралығына бекітіліп, жеке оқу кестелеріне тиісті өзгерістер енгізілсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылауды Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін.

Төраға Күн тәртібіндегі **6.5 әртүрлі сұрақ** Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ «Оқытушы-профессор құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына және әкімшілік-басқарушылық персоналының басшы қызметкерлеріне конкурстық орналасу» Ережелеріне сәйкес конкурстық комиссиясының құрамы қайта бекіту туралы Адами ресурстарды басқару басқарма басшысының м.а. А.Ж.Байкенжеевадан мәлімдеме түсіп тұр. Осыған байланысты, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Оқытушы-профессор құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына және әкімшілік-басқарушылық персоналының басшы қызметкерлеріне конкурстық орналасу» Ережелеріне сәйкес конкурстық комиссиясының құрамы қайта бекітуге ұсынамыз:

1. Конкурстық комиссиясының мүшелері Базартай Жандос Нұртайұлы және Даулетова Галия Ногаевна басқа қызметке ауысуларына байланысты конкурстық комиссиясы құрамынан шығару.
2. Айтимов Мурат Жолдасбекович Басқарма мүшесі-стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор конкурстық комиссиясы құрамына қосу.
3. Жолаева Мадина Бекмолдаевна жүктілікке және босануға байланысты демалыста болуына орай уақытша адами ресурстарды басқару басқармасы басшының м.а. Байкенжеева Арай Жолдасбаевнаны конкурстық комиссиясы құрамына қосу.
4. Конкурстық комиссиясы құрамына Директорлар кеңесінің мүшесі Шужеева Азиза Тимуровнаны қосу.

Мәжіліс барысында ұсыныс Ғылыми кеңес мүшелері тарапынан бірауыздан қолдау тапты.

Төраға сұрақ төңірегіндегі талдау жұмыстарынан соң дауыс беруге шақырды.

Қолдаушылар – 31 адам

Дауыс беру нәтижесі: иә- 31, қарсы, қалыс жоқ.

Қаулы қабылданды- 31 дауыспен.

Дауыс беру нәтижесінде Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:

I. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КеАҚ «Оқытушы-профессор құрамы мен ғылыми қызметкерлер лауазымдарына және әкімшілік-басқарушылық персоналының басшы қызметкерлеріне конкурстық орналасу» Ережелеріне сәйкес конкурстық комиссиясының құрамы қайта бекітілсін:

1. Конкурстық комиссиясының мүшелері Базартай Жандос Нұртайұлы және Даулетова Галия Ногаевна басқа қызметке ауысуларына байланысты конкурстық комиссиясы құрамынан шығарылсын.
2. Айтимов Мурат Жолдасбекович Басқарма мүшесі-стратегиялық даму және IT жөніндегі проректор конкурстық комиссиясы құрамына қосылсын.
3. Жолаева Мадина Бекмолдаевна жүктілікке және босануға байланысты демалыста болуына орай уақытша адами ресурстарды басқару басқармасы басшының м.а. Байкенжеева Арай Жолдасбаевна конкурстық комиссиясы құрамына қосылсын.
3. Конкурстық комиссиясы құрамына Директорлар кеңесінің мүшесі Шужеева Азиза Тимуровна қосылсын.

II. Осы қаулының орындалуын бақылауды Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор Д.М.Абдрашеваға жүктелсін.

Төраға: Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Күн тәртібіндегі сұрақтар толық қаралды, шешімдер бірауыздан қабылданды. Қаулының орындалуын бақылау тиісті проректорлар мен департамент директорлары мен сәйкес бөлім басшыларына жүктеледі. Баршаңызға алғыс білдіре отырып, бүгінгі мәжілісті жабық деп жариялаймын. Жұмыстарыңызға сәттілік!

Ғылыми кеңес Төрағасы-Ректор м.а.

Ғалым хатшы

Д.М.Абдрашева

Л.А.Жусупова

Ғылыми кеңес мүшелерінің келу парағы
№ 13 мәжіліс Оту мерзімі: 22.09 2026 ж.

Сағат: 16.00

№	Аты-Жөні-Тегі	Қолы
1.	Абдрашева Дана Мейрамовна	
2.	Бурибаева Майнура Абильтаевна	
3.	Айтимов Мурат Жолдасбекович	
4.	Бердалиева Гульзат Кыстаубаевна	
5.	Уразбаев Нурлан Жеткергенович	
6.	Бисенов Кылышбай Алдабергенович	
7.	Кошкарлов Серикбай Иманбайұлы	серик
8.	Кәрібозұлы Бағдат	кәрібоз
9.	Досжанов Баянәлі Амантайұлы	Дос
10.	Сактаганова Наргуль Амановна	Наргуль
11.	Омаров Қали Әбдіұлы	омар
12.	Оразбақов Айтжан Жұмабайұлы	Ораз
13.	Таутенов Ибадулла Айғалиұлы	Ибадулла
14.	Тайман Сағат Тамшыбаевич	Тамшы
15.	Тоқтаганова Гүлжас Баданқызы	Гүлжас
16.	Кулмурзаев Нурлан Серикович	Кулмурзаев
17.	Абжалелов Бахытбек Байдосович	Абжалелов
18.	Мирманов Наку Бахаутдинович	Мирманов
19.	Исаева Айнура Женисовна	Исаева
20.	Аппазов Нұрбол Орынбасарұлы	Аппазов
21.	Сейтмұратов Аңғысын Жасаралұлы	Сейтмұратов
22.	Ильясова СамалМырзамуратовна	Ильясова
23.	Жаппасбаев Алибек Бахытжанович	Жаппасбаев
24.	Сәтбаева Гүлмира Әлібайқызы	Сәтбаева
25.	Калиев Бакыт Калиевич	Калиев
26.	Абжаев Марат Мәлікұлы	Абжаев
27.	Сыдыкова Гульнар Кудайбергеновна	Сыдыкова
28.	Майгельдиева Шарбан Мусабековна	Майгельдиева
29.	Кожамберлиев Баймырза	Кожамберлиев
30.	Жанбершиева Улжан Нахатқызы	Жанбершиева
31.	Нурмагамбетов Нурлан Шарипович	Нурмагамбетов
32.	Әбікенов Жарқынбек Оралбекұлы	Әбікенов
33.	Билалов Сейдали Умиртаевич	Билалов
34.	Смагулова Жанна Баглановна	Смагулова
35.	Абдуллахан Зарина Ержепқызы	Абдуллахан
36.	Прохорова Виктория Сергеевна	Прохорова
37.	Жусупова Ләйля Ажибаевна	Жусупова

Барлығы – 37 Қатысқандар – 31 Қатыспағандар – 6
Оның ішінде – іс сапарда - , сабақта - , емделу парағында - 4
Басқа дәлелді себептермен - 2